

Садибеков Е.Ө.

**Траншекаралық өзендер
мәселесін шешудегі
халықаралық келісімдер және
Орталық Азия мемлекеттері
үшін оның рөлі**

Мақала көптеген халықаралық су жанжалдарындағы даулы сәттерді шешуге көмектескен конвенцияларды талдауға арналған. Сонымен қатар, мақала негізі «Халықаралық өзендер суын пайдаланудағы Хельсиндік ережелер», «Кеме жүзбейтін халықаралық суағарлар түрлерін пайдалану құқығы жайлы конвенция», «Траншекаралық су ағындарын және халықаралық өзендерді пайдалану және қорғау жайлы конвенция» «Траншекаралық мән мәтінде қоршаған ортаға әсерді бағалау жайлы конвенциясы» секілді негізгі халықаралық конвенциялардың даму тарихы шегінде баяндалады. Халықаралық су құқығын қазіргі таңдағы мемлекеттер арасындағы су қатынастарын реттеудегі негізгі рөлін анықтайды. Мақала шеңберінде ретроспективті талдау жасалып, халықаралық су құқығының дамуы және қалыптасқан су мәселесінде және жанжалды жағдайлардағы мемлекеттердің қандай саясат ұстанатыны жайлы көптеген факторлық және дискретивті мысалдар келтірілген. Мақала мақсаты келесідей түсініктерге қатысты сұрақтарға жауаптар іздеу: саясат және су ресурстары, Халықаралық құқық және ұлттық мүдде, экологиялық апат және экологиялық мәселелерді халықаралық су құқығы арқылы шешу жолдары, су саласындағы мемлекет саясаты қандай болуы керек және тағы басқа.

Түйін сөздер: Халықаралық су құқығы, трансшекаралық өзендер, конвенция, Орталық Азия.

Sadibekov Ye.O.

**International agreements
in resolving problems of
transboundary rivers and its role
for the states of Central Asia**

This article analyzes the International Water Convention, which solved many contentious issues in international water conflicts. Also, based on article outlines the history of the formation within the major international conventions, such as «Helsinki rules using waters of international rivers», «Convention on the law of the non-navigational uses of International watercourses», «Convention on the protection and use of transboundary watercourses and international lakes», «Convention on Environmental Impact Assessment in a Transboundary Context. «Determines the leading role of international water law as the main governing water relations between states at a given time. As part of the article the retrospective analysis, given the set of factor descriptives and examples on how to develop international water law, as well as what policies adhere to the country in resolving transboundary water problems and conflicts.

Key words: International water law, transboundary rivers, convention, Central Asia.

Садибеков Е.О.

**Международные соглашения
при разрешении проблем
трансграничных рек
и ее роль для государств
Центральной Азии**

Статья посвящена анализу международных водных конвенций, таких как «Хельсинкские правила пользования водами международных рек», «Конвенция о праве несудоходных видов использования международных водотоков», «Конвенция по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер», «Конвенция об оценке воздействия на окружающую среду в трансграничном контексте», которые решили многие спорные моменты в международных водных конфликтах. Автором определяется ведущая роль международного водного права как основного регулирующего водные отношения между государствами в данное время. В рамках статьи проводится ретроспективный анализ, приводятся множества факторных и дескриптивных примеров о том, как развивалось международное водное право, как и какой политики придерживаются страны при разрешении трансграничных водных проблем и конфликтов.

Ключевые слова: международное водное право, трансграничные реки, конвенция, Центральная Азия.

**ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ
ӨЗЕНДЕР МӘСЕЛЕСІН
ШЕШУДЕГІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
КЕЛІСІМДЕР
ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ
МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҮШІН
ОНЫҢ РӨЛІ**

Орталық Азия мемлекеттері үшін қазіргі таңда су тапшылығы мәселесі туындап отыр. Осы мәселені бірігіп шешпеген жағдайда, мәселе өршіп кетуі мүмкін. Егер де әрбір мемлекет эгоистік тұрғыдан осы мәселеге қарап, шешуге ұмтылмаса, онда жағдай арықарай ұшығады. Жалпы бұл проблемалар Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін басталды. Орталық Азия мемлекеттері тәуелсіздік алғанға дейін, су бөліну мәселелерін Мәскеу шешіп отыратын. Мәскеу Орталық Азиядағы мемлекеттерінен билігін жоғалтқаннан кейін, әр мемлекет өз мәселесін өзі шешуді бастады. Осы кезеңнен бастап, Орталық Азия мемлекеттері арасындағы алауыздық басталды. Өйткені, Орталық Азия мемлекеттерінің мүддесі әртүрлі, әр Орталық Азия мемлекеті өз мүддесіне суды пайдаланғысы келеді.

Қазіргі таңда аймақ, су ресурстарына бай мемлекеттерге (Тәжікстан және Қырғызстан) және оларға тәуелді мемлекеттер деп бөлінеді (Қазақстан, Өзбекстан және Түркменстан). Егер Қырғызстан Сырдария өзенінің су ағымын бағдарлап отырса, ал Тәжікстан болса Амудария өзенінің су ағымын бағдарлап отыр. Осыған орай аталған мемлекеттер арасында бұл мәселеге қатысты саясатында бір ізділік жоқ болып отыр. Өйткені жоғарыда орналасқан мемлекеттер суды энергетика көзін дамыту үшін қолданғысы келеді, ал төменде орналасқан мемлекеттер жер шаруашылығының қажеттілігін қамтамасыз ету үшін пайдаланады. Бұл мемлекеттердің тіпті суды пайдаланудағы мерзімдерінің өзі сәйкес келмейді, сондықтан төменде орналасқан мемлекеттер үшін белгілі деңгейде қолайсыздық тудырады. Өйткені жоғарыда орналасқан мемлекеттер электр қуатын өндіру үшін қыста көп суды талап етеді де жаз уақытында суды жібере салады, бұл жазда жер шаруашылығы үшін пайдаланып отырған мемлекеттер үшін тиімсіз болып табылады, себебі көптеп келген су астықты шайып кетеді немесес су астында көп уақытқа қалған астық шіріп кетеді. Осыған орай Қазақстан және Өзбекстан суды жазға қарай жинайтын су қоймаларын салып жатыр. Дегенмен де, су Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде тапшы болып отыр. Қазақстанның оңтүстік өңірлері суға тапшы болуының бір себебі, дәнді дақылдарды және астықты өсіру өте қолайлы, өйткені Қазақстанның басқа облыстарынан

климаттық жағдай дәл осы оңтүстік облыста тиімді болып отыр. Бірақ климаттық тұрғыдан қолайлы болғанымен, су тапшылығы осы өңірлерді басқа салаларға көшіруге мәжбүр болып отыр.

Дәл осындай тапшы жағдайда Өзбекстанның да жерлері болып тұр. Өзбекстанны өзін қаншалықты жартылай индустриалды мемлекет деп жариялағанымен, жалпы ішкі өнім табысы дәл осы жер шаруашылығынан келіп отыр. Сондықтан Қазақстан және Өзбекстан арасында осы мәселеге қатысты пікірі бір жақты болып отыр. Екі мемлекет үшін де осы мәселені шешу экономикасына пайда әкелетіні сөзсіз. Бірақ жоғарыда орналасқан мемлекеттердің де өзіндік мүддесі бар екенін ұмытпаған жөн. Қырғызстан, Түркменстан және Тәжікстан секілді мемлекеттер үшін жер шаруашылығы маңызды болғанымен, олар үшін экономикаға пайда әкелетін аймақтардың бірі ол электр энергиясын өндіріп, көршілес мемлекеттерге экспорттау, осы электр энергетикасын өздері өндіру арқылы төменде орналасқан мемлекеттерден энергетикалық тәуелділігінен арылу болып отыр. Сондықтан да жоғарғы және төменгі жақта белгілі бір шешімге келе алмай отыр. Жоғарғы жақ өздерінің энергия тәуелділігінен арылу үшін өз жерлерінде гидроэлектростанциялар салмақ, бұл төменде орналасқан мемлекеттер үшін тағы да көптеген мәселелер тудырмақ, ол тек су тапшылығын ғана меңземейді, сонымен қатар экологиялық проблемаға әкеледі. Онсыз да қазіргі таңда Сырдария және Амудария өзендерінің ағымдары Арал теңізінің толыққанды толтыруға мүмкіншілігі жоқ. Сондықтан бұл теңіз уақыт өткен сайын, арнасы кішірейіп барады, теңіздің аймағында орналасқан ауылдардың жер көлемі ұлғаюда, бірақ бұл жерлерде тұзды болғандықтан жер шаруашылығына пайдалана алмайсын. Тұзды желдер басқа да аймақтарға тарауда, сондықтан менің ойымша бұл біздің ғана немесе Орталық Азияның ғана проблемасы емес, бұл мәселені әлем болып шешу керек. Өйткені, шөл даланың ұлғаюы, Қазақстан жерлеріне үлкен зиянын әкелмек, ал сол тұзды аймақтар жоғарыда атап кеткендей, тарау қаупі тек Қазақстан үшін емес, батыста орналасқан мемлекеттер үшін қиынға соқпақ. Осыған қарамастан, су ресурстарын тең пайдалану бүгінгі таңда мүмкін емес болып отыр. Оған жоғарыда атап кеткен себептер кедергі болуда.

Орталық Азиядағы трансшекаралық мәселелерді шешу үшін халықаралық тәжірибеде

бар заңнамаларға сүйену керек. Бірақ, өкінішке орай халықаралық нормалардағы заңнамалар барлық мемлекеттермен мақұлданбаған, өйткені бір мемлекеттің мүддесіне жауап берсе, екінші мемлекеттің мүддесіне жауап бермеуі мүмкін. Негізінен қазіргі таңда, судың басында тұрған мемлекеттер халықаралық нормаға сай заңнамаларға қол қоюға мүдделі емес, олар суды саяси құралға айналдырғысы келеді. Бұл өзеннің төменінде орналасқан мемлекетке ықпал жасау құралығой, егер де аталған заңнамаларға қол қойған жағдай да жоғарыда орналасқан мемлекеттер өздерінің саяси ықпал ету құралынан айырылады, өйткені қалыптасқан мәселелерді халықаралық нормаларға сай шешуге тура келеді, бұл жоғарыда орналасқан мемлекеттердің мүддесіне сай емес.

Трансшекаралық өзендерді реттейтін халықаралық құжаттар қазіргі таңда 1000-нан асып жығылатын шығар деуге болады. Трансшекаралық өзендерінің су ресурстарын пайдалануды реттейтін халықаралық-құқықтық реттеуді үш деңгейде қарастыруға болады: жалпы халықаралық келісімдер, нақты бір аймаққа қатынасы бар бассейндік келісімдер және бір аймақта орналасқан екі жақты өзара келісімдер деп. Орталық Азия мемлекеттері осы жүйені енді қалыптастыруда.

Бірінші халықаралық реттеудегі нормаларды сол кездегі Ұлттар Лигасының бастамасымен басталған болатын, олар 1923 жылы бірнеше мемлекеттерге маңызды болып табылатын «Су ағымдарының гидроэнергетикасы жайлы конвенцияға» қол қойылды. Конвенция 1925 жылдың 30 маусымында күшіне енді, бірақ кең өріс алмады. 1940 ж. оның соңғы ратификациясы кезінде оған тек 11 мемлекет қол қойды. Бірақ негізінен бүгінгі күні халықаралық трансшекаралық өзендер жағдайларын 4 негізгі халықаралық құжаттар белгілі бір дәрежеде бағдарлайды десе болады. Өйткені бұл құжаттар біріншіден, саны жағынан бұл құжатты көптеген мемлекеттер мойындаған, екіншіден халықаралық трансшекаралық өзендер мәселесін шешуде осы құжаттраға бүгінгі күнде де сүйенеді және күшін әлі жоймаған. Олар мыналар:

1. Халықаралық өзендер суын пайдаланудағы Хельсиндік ережелер;

2. Кеме жүзбейтін халықаралық суағарлар түрлерін пайдалану құқығы жайлы конвенция;

3. Трансшекаралық су ағындарын және халықаралық өзендерді пайдалану және қорғау жайлы конвенция;

4. Трансшекаралық мән мәтінде қоршаған ортаға әсерді бағалау жайлы конвенциясы; [1]

Хельсиндік халықаралық өзендерді пайдалану ережелері, халықаралық суағарларды игерудегі жүйелендірілуі өте тиімді болды. Бұл құжатты халқаралық құқық ассоциациясымен жасалған болатын және бұл құжат 22 жыл бойы зерттеліп, жасалды. Хельсиндік ережелер басында тек ұсыныстар нәтижесінде пайдалану болған болатын, дегенмен, көптеген мемлекеттер мақұлдағаннан кейін, толыққанды заңи нормаға айналды. Хельсиндік ережеге сүйенетін болсақ, ол ереженің негізгі қағидасы, әрине, суды тиімді және әділетті пайдалану болып табылады. Суды әділетті пайдалану дегеніміз хельсиндік ережелер бойынша, ол әр мемлекет суды пайдаланарда оның міндетті түрде экологиялық тазалығын, ластамауын кепіл беру керек. Әр мемлекет өзінің территориясының аясында суды толыққанды пайдалануға құқылы, дегенмен ол төменде орналасқан мемлекеттің де қажеттілігін ескеру қажет. Әділеттілік өлшемі хельсиндік ережелер бойынша, әр мемлекет суды пайдаланбас бұрын, көрші жатқан мемлекеттің гидрографиялық, гидрологиялық және климаттық жағдайларын, бассейндегі суды өткенде қаншалықты пайдаланғанын және болашақтағы пайдалануын, бассейнде орналасқан әр мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін, судың ағысынан тәуелді тұрғындарының мүддесін ескеру керек. Хельсиндік ережелер тек ұсыныстар ретінде ғана қолданылады, өйткені қазіргі таңда да бұл құжатқа барлық мемлекеттер қол қоймаған. Бұл құжат мемлекеттер арасындағы су мәселесі бойынша қарым-қатынастар барысындағы тәжірибеге сүйеніп, қалыптасқан құжаттардың бірі деп есептеуге болады. Бұл құжаттың негізін қалаушы нормасы ретінде «саналы және әділетті пайдалану» қағидасын атап кету керек. Сөйтіп, бұл құжат трансшекаралық өзендерге шексіз құқықтың ие болуына қарсы екенін аңғаруға болады [2].

Жалпы суды «саналы және әділетті» пайдалану мәселесі Хельсиндік ережелердің 5 бабында белгіленген:

Суды бөлісу барысында әртүрлі факторлар ескерілу керек.

Ескерілетін факторлар болып табылады:

(a) бассейннің жағрапиясы, сонымен қатар, әр мемлекеттің территориясына тән бассейннің ұзақтылығы;

(b) әр мемлекеттің территориясынан келетін су ағымының мөлшерін, бассейннің гидрологиясын ескеру;

(c) бассейннің климаттық әсерін;

(d) бассейннің суын пайдалану, әсіресе бар пайдалануды қолдануын;

(e) бассейн әр мемлекетінің экономикалық және әлеуметтік қажеттілігін;

(f) әр мемлекет халқының бассейн суынан тәуелділігін;

(g) бассейннің әр мемлекетінің экономикалық және әлеуметтік қажеттілігін қанағаттандырудағы балама тәсілдердің салыстырмалы бағалауын;

(h) басқа ресурстардың болуын;

(i) бассейн су пайдаланудағы ақталмаған шығындарды ескеру мүмкіншілігін

(j) бассейннің бір немесе бірнеше мемлекеттерге пайдаланушылар арасындағы дауды шешу әдісі ретінде өтемақы төлей алу мүмкіндігін;

(k) бассейн мемлекетінің қажеттіліктерін өзге бассейн мемлекетіне зиянын келтірмей қанағаттандыру мүмкіндігін [3];

Хельсиндік ережелерге сай, әр мемлекет өзінің территориясындағы өзендерге толыққанды жауапкершілікті болады, өзіндік территориядағы тазалықты, экологиялық мәселелерді шешеді (XVIII бап). Сонымен қатар, өз территориясымен өзге мемлекеттердің кемелері жүзуіне рұқсат беруге, не тыйым салуға құқығы бар (XVII бап). Хельсиндік ережелер даулар мәселесіне де көп көңіл бөледі. Дауларды шешу әдісі ретінде келіссөздерді келтіреді, ал шешу құралы ретінде БҰҰ белгілейді.

Уақыт өте келе, су мәселесіне қатысты қарым-қатынастардың дамуына орай, Хельсиндік ережелер өзінің істі шешудегі тиімділігін жоғалта бастады, бірақ өз өзектілігінен айырылған жоқ. Келесі Хельсиндік ережелермен қатар, маңызды құжат «Кеме жүзбейтін халықаралық суағарлар түрлерін пайдалану құқығы жайлы конвенция» болып табылады. Бұл конвенция 1997 жылдың 21 мамырында БҰҰ-ның Бас ассамблеясымен мақұлданды және де қол қоюға әлі де ашық болып табылады. Дегенмен, Бас ассамблеяның 51-ші сессиясында Конвенцияны қабылдауға тек 103 мемлекет мақұлдауға дауыс береді, 3 қарсы дауыс берді (Қытай, Түркия және Бурунди), 27-сі дауыс беруде қалып қалды, дегенмен 2000 жылдың 20 мамырына дейін талап етілген 35 мемлекеттің құжатты бекітуі болған жоқ, осыған орай, Конвенция күшіне енбеді. Жалпы әлі күнге дейін Конвенция қол қоюға ашық. 2006 жылдың аяғына қарай 16 мемлекет қол қойды, соның ішінде тек 9-ы бекітті, сондықтан Конвенцияның күшіне енуі жақын болашақта әлі белгісіз [4]. Дегенмен, халықаралық құқықтық құжат толыққанды кодификацияланған құжат болып

табылады және бұл құжатқа қол қоймағандарға да күші бар. Өйткені, суды әділетті бөлу, тиімді пайдалану және зиян келтірмеу қағидалары бұл конвенцияның мүше емес мемлекеттеріне де пайдалануға әбден мүмкін.

Бірақ, Конвенция күшіне енгенімен, ол заңи тұрғыдан тек қол қойған мемлекеттер үшін ғана заңды болып табылады. Конвенция оның талаптарын орындататын нақты механизмі жоқ, тек Конвенция аясында Халықаралық Сотқа ғана жүгінуге болады. Дегенмен, 1946 жылы құрылғаннан бері, Халықаралық сотқа жүгінуге тек бір рет қана болған. Ондай жағдай, Венгриямен Словакия арасындағы Дунай өзенінде Габчиково–Надьмарош жобасына қатысты дауды шешу үшін орын алған болатын. Конвенция тек нақты бір немесес бірнеше мемлекеттер пайдалануындағы трансшекаралық өзендер мәселесін шешу үшін бағытталған.

Өкінішке орай, бұл адамзат бейбітшілігі және экологиялық тазалықты сақтауға бағытталған құжат көптеген мемлекеттерден қолдау таппады. Бұл құжат бірінші кезекте көптеген мемлекеттердің мүддесіне сай емес. Қазіргі таңда Орталық Азия мемлекеттерінен тек Өзбекстан Республикасы осы құжатты мақылдаушы ретінде танылып отыр. Төменде аталған құжаттың қатысушылары және мақұлдаған мемлекеттері берілген

Күшіне енбеді:

Қатысушы|Қол қою мерзімі|Ратификация|

Қосылуы (а)

Қабылдауы (А)

Мақұлдауы (АА)

|Венгрия|20.07.1999|26.01.2000 АА |

|Венесуэла (Боливарианская Республика) |22.09.1997| |

|Германия |13.08.1998|15.01.2007 |

|Иордания |17.04.1998|22.06.1999 |

|Ирак | |09.07.2001 а |

|Йемен |17.05.2000| |

|Катар | |28.02.2002 а |

|Кот-д'Ивуар |25.09.1998| |

|Ливан | |25.05.1999 а |

|Ливия | |14.06.2005 а |

|Люксембург |14.10.1997| |

|Намибия |19.05.2000|29.08.2001 |

|Нидерланды |09.03.2000|09.01.2001 А |

|Норвегия |30.09.1998|30.09.1998 |

|Парагвай |25.08.1998| |

|Португалия |11.11.1997|22.06.2005 |

Ресей Конвенцияға қол қойды (15.11.1997 N 1429 РФ
Үкіметінің Қаулысы).

|Сирия Республикасы |11.08.1997|02.04.1998 |

|Тунис |19.05.2000|22.04.2009 |

|Өзбекстан | |04.09.2007 а |

|Финляндия |31.10.1997|23.01.1998 А |

|Швеция | |15.06.2000 а |

|Оңтүстік Африка |13.08.1997|26.10.1998 | [5].

1992 жылдың 17 науырызында әлемде тағы бір тарихи оқиға орын алды. Траншекаралық өзендер мәселесін шешу үшін, әлемнің дамыған және дамушы мемлекеттері бас қосып, «Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі конвенцияға» қол қоюға жиналды. Бұл келісімде денді апаттарға және трансшекаралық өзендердің экологиялық мәселесіне қойды. Конвенция өкінішке орай, көптеген мемлекеттермен мақұлданбады, әрине, бұл жерде саяси мәселелер басым болды. Әсіресе Орталық Азия мемлекеттерімен толыққанды еленбеді және қарастырылмады. Қазіргі таңның өзінде, Орталық Азия елдерінің трансшекаралық өзендер мәселесін шешудегі рөлі жоғары. Егер де төменде және жоғары да орналасқан мемлекеттер осы құжатқа қол қойған жағдайда екі жақта ұтады десек болады, бірақ, әрине, энергетика мәселесіне және жер шаруашылығының мәселесін осы Конвенция аясында қарастырған жағдайда.

Бұл құжатта жалпы трансшекаралық өзендерге анықтама беруден өз бастауын алады:

1 бөлім. Барлық тараптарға сай қағидалар:

1-бап. Анықтамалар.

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

1. «Шекаралық сулар» екі және одан да көп мемлекеттер арасындағы шекараны қиып өтетінін немесе осындай шекараларда орналасқанын білдіретін қандай да болсын жер бетіндегі немесе жер астындағы суларды білдіреді; шекаралық сулар тікелей теңізге келіп құятын жағдайларда осындай шекаралық сулардың шегі олардың арнасын олардың жағалауларындағы шағын судың шебінде орналасқан нүктелер аралығында қиып өтетін түзу сызықпен шектеледі. [6];

Бұл трансшекаралық өзендерге берген Хельсиндік ережелердің анықтамасы. Осы анықтамалар арқасында жер асты су ресурстары да трансшекаралық болып саналатын болды. Осы келісімдер арқылы келісімге қол қойған көптеген мемлекеттер жер асты су мәселелерін де өзара бірігіп шешуге ықпалын тигізді.

2 бапты қарастыратын болсақ, екінші бапта қазіргі буынның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін су ресурстарын меңгеру, кейінгі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға зиянын тигізбеу керек дейді [7];

2 баптың 5 тармағының (b) тармақшасында суды «ластаушы төлейді» деген түсінік енгізілді.

b) «ластаушы төлейді» қағидаты, оған сәйкес ластанудың алдын алу, шектеу және қысқарту жөніндегі шараларға байланысты шығындарды ластаушы өтейді; Осы заңи қағида нәтижесі арқасында, суды ластаған мемлекетке толыққанды суды тазарту міндеті жүктелді [8];

Хельсинкиде қабылданған құжатта жоғарыда аталған мәселелермен қатар, су жиегіндегі тараптар мәселесі де көтерілген. Жиекте орналасқан мемлекеттердің негізгі міндеттемесі ретінде, екі жақты, көп жақты немесе басқа да келісімдерге келу. Негізінен екі жақты келісімдерде судың ластануын, трансшекаралық сулардың жалпы жағдайы жайлы бағдарламалар қарастыру болып табылады. Екі жақта судың ластануының алдын-алу мәселелерін бірігіп жасау керек, өйткені су ресурстарын тек бүгінгі ұрпақ емес, сонымен қатар болашақ ұрпақтар да пайдалану қажет. Маңызды мәселелердің бірі болып, экология жағдайы да қарастырылады. Экологиялық жағдай Хельсиндік ережелерде маңызды орынды алады.

Конвенцияның III бөліміне назар аударатын болсақ, «Жоспарланған шараларға» көңіл аудар керек деп есептеймін. Судың басында орналасқан мемлекет өз территориясында суға қатысты өзгерістер жасамас бұрын, мейлі ГЭС салу, су арнасын бұру секілді іс-әрекеттер міндетті түрде төменде орналасқан мемлекетпен келістірілуі жөн болып табылады. Конвенцияның құқықтық реттеуі әрдайым дамуда.

Конвенцияның 22 бабына дауларды реттеу қарастырылған. I тармағында екі тарап арасында суға қатысты дауларды келіссөздер арқылы шешуді ұсынады немесе дауды Халықаралық сотқа беру құқығы да қарастырылған:

22-бап. Дауларды реттеу

Осы Конвенцияны пайымдауға немесе қолдануға қатысты екі немесе одан көп Тараптың арасында дау туындаған жағдайда олар келіссөз немесе дауға қатысушы Тараптар үшін қолайлы кез-келген басқа тәсіл арқылы дауларды реттеуге ұмтылады.

Осы Конвенцияға қол қою, оны бекіту, қабылдау, күшіне енгізу немесе оған қосылу кезінде немесе осыдан кейін кез-келген уақытта кез-келген Тарап жазбаша түрде Депозитарийге осы баптың I-тармағына сәйкес реттелмеген дауға байланысты ол өзіне дәл осындай міндеттеме қабылдайтын кез-келген Тарап үшін міндетті міндеттеме ретінде дауларды реттеудің мына құралдарының бірін немесе екеуін де қабылдайтынын мәлімдей алады:

a) дауды халықаралық сотқа беру;

b) IV қосымшада айтылған рәсімге сәйкес төрелік сотқа беру.

Егер дауға қатысушы Тараптар осы баптың 2-тармағында айтылған дауларды реттеудің екі тәсілін де қабылдаса, дау, егер Тараптар өзгеше жайында уағдаласпаса, тек Халықаралық Сотқа қана берілуі мүмкін. [9];

28 қараша 2003 жылы Швейцария үкіметі Халықаралық өзендер суын пайдаланудағы Хельсиндік құжатқа өзгерістерді енгізуін ұсынды. Сөйтіп 25 және 26 баптарына өзгерістер енгізілді, енді 25 және 26 бапқа сай БҰҰ мүшесі болып табылатын мемлекеттер барлық тараптарының келісімі арқылы осы конвенцияның қатысушысы бола алады [10].

Трансшекаралық өзендер мәселесін жіті бақылауға тырысатын тағы бір халықаралық құжаттардың бірі болып, «Трансшекаралық мән мәтінде қоршаған ортаға әсерді бағалау жайлы конвенциясыны» атап кетсе болады.

Бұл Конвенция аса бір назарын трансшекаралық өзендердегі экологиялық мәселесіне аудартады. Өзіміз көргеніміздей, көптеген мемлекеттер су ағымының төменде орналасқан мемлекеттерінің мүддесімен немесе экологиялық жағдайымен санаспай, өндірістік қалдықтарды суға төгіп, төменде орналасқан мемлекеттің экологиялық жағдайын ұшықтырған жайттар тарихта орын алып отырған. Осы мәселелерді шешу үшін, осы құжатты қабылдауға 1991 жылы 25 қаңтарда қол қойылған болатын. Күшіне тек 1997 жылдың 10 қыркүйегінде енді. БҰҰ-ның Еуропалық Экономикалық Комиссиясымен реттеледі. Конвенцияның аясында трансшекаралық өзендердің бойында салынатын өнеркәсіптердің экологияға деген қатынасы, экологиялық апаттардың алдын-алу мәселелері кеңінен қаралады.

Орталық Азия мемлекеттері үшін де маңызды құжат болып табылады. Өйткені Сырдария және Өмудария секілді өзендердің ластануы Арал теңізінің жағдайын ұшықтыруда, сондықтан Орталық Азия елдері осы мәселеге зен қойса, онда үлкен апаттың алдын-алуға болар еді.

Қазіргі таңда, аталған құжатты бірнеше мемлекет мақұлдаған (15 мамыр 2009 жылғы дерек бойынша):

Қатысушы|Қол қою мерзімі|Ратификация|
Қосылуы (a)
Қабылдауы (A)
Мақұлдауы (AA)
|Австрия|26.02.1991 |27.07.1994 |

Өзiрбайжан	25.03.1999 а	
Албания	26.02.1991	04.10.1991
Армения	21.02.1997 а	
Беларуссия	26.02.1991	10.11.2005 А
Бельгия	26.02.1991	02.07.1999
Болгария	26.02.1991	12.05.1995
Македония	31.08.1999 а	
Венгрия	26.02.1991	11.07.1997
Германия	26.02.1991	08.08.2002
Грекия	26.02.1991	24.02.1998
Дания <3>	26.02.1991	14.03.1997 АА
Еуропалық қауымдастық	26.02.1991	24.06.1997 АА
Ирландия	27.02.1991	25.07.2002
Исландия	26.02.1991	
Испания	26.02.1991	10.09.1992
Италия	26.02.1991	19.01.1995
Қазақстан	11.01.2001 а	
Канада	26.02.1991	13.05.1998
Кипр	20.07.2000 а	
Қырғызстан	01.05.2001 а	
Латвия	31.08.1998 а	
Литва	11.01.2001 а	
Лихтенштейн	09.07.1998 а	
Люксембург	26.02.1991	29.08.1995
Молдова	04.01.1994 а	
Голландия <5>	25.02.1991	28.02.1995 А
Норвегия	25.02.1991	23.06.1993
Польша	26.02.1991	12.06.1997
Португалия	26.02.1991	06.04.2000
Ресей Федерациясы	06.06.1991	
Румыния	26.02.1991	29.03.2001
Сербия	18.12.2007 а	
Словакия <2>	28.05.1993 d	19.11.1999
Словения	05.08.1998 а	
Ұлыбритания және	26.02.1991	10.10.1997
Солтүстік Ирландия <6>	[11].	

Экологиялық мәселелер Орталық Азия мемлекетінде белсенді түрде көтеріліп жатыр. Мемнің ойымша, Орталық Азия елдерінде трансшекаралық өзендерді шешуде жоғарыда атап кеткен құжаттар септігін тигізер еді, егер де мүдделер қайшылығы қабылдауға кедергі болмағанда. Бүгінгі таңда Орталық Азия мемлекеттерінен Қазақстан және Қырғызстан ғана «Трансшекаралық мән мәтінде қоршаған ортаға әсерді бағалау жайлы конвенцияға» қол қойғандар болып табылады. Жалпы Орталық Азия үшін аталған құжаттармен қатар, «Өндірістік апаттардың трансшекаралық ықпалы жайлы конвенцияны да» мәселесін көтергенді жөн көріп отырмын. Бұл келісім 1992 жылы 17 наурызда Хельсинкиде қабылданып, 2000 жылдың 19 сәуірінде күшіне енді. Конвенция бөгеттердің бұзылуына қатысты қолданылмайды, дегенмен апатты жағдайларда келісілген мемлекеттер өзара көмек көрсетуі қажет. Сонымен қатар, Орталық Азия мемлекеттері үшін де маңызды құжат бо-

лып табылады. Өйткені, егер де Қырғызстан және Тәжікстан өздерінің территорияларында бөгеттер салатын болған жағдайда, олар төменде орналасқан мемлекеттер үшін қауіпті болуы мүмкін. Егер де бөгеттер бұзылған жағдайда, онда бұл экологиялық және әлеуметтік апат болып табылады. Ал бұл Конвенцияның негізгі мақсаты апаттардың алдын-алу және апатты жағдайларда мемлекеттердің бірлесіп жұмыс жасауын қамтамасыз ету, былай айтқанда, мемлекеттердің жауапкершілігін теңестіру болып табылады.

21 мамыр 2010 жылғы деректерге сүйенсек осы аталған конвенцияны төменде көрсетілген мемлекеттер ғана мақұлдаған. Олар:

Қатысушы|Қол кою мерзімі|Ратификация|
 Қосылуы (а)
 Қабылдауы (А)
 Мақұлдауы (АА)

Австрия	18.03.1992	04.08.1999
Өзiрбайжан	16.06.2004 а	
Албания	18.03.1992	05.01.1994
Армения	21.02.1997 а	
Беларуссия	25.06.2003 а	
Бельгия	18.03.1992	06.04.2006
Болгария	18.03.1992	12.05.1995
Македония	02.03.2010 а	
Венгрия	18.03.1992	02.06.1994 АА
Германия	18.03.1992	09.09.1998
Грекия	18.03.1992	24.02.1998
Дания <2>	18.03.1992	28.03.2001 АА
Еуро Одақ <1>	18.03.1992	24.04.1998 АА
Испания	18.03.1992	16.05.1997
Италия	18.03.1992	02.07.2002
Қазақстан	11.01.2001 а	
Канада	18.03.1992	
Кипр	31.08.2005 а	
Латвия	18.03.1992	29.06.2004
Литва	18.03.1992	02.11.2000
Люксембург	20.05.1992	08.08.1994
Монако	28.08.2001 а	
Голландия <3>	18.03.1992	06.11.2006 А
Норвегия	18.09.1992	01.04.1993 АА
Польша	18.03.1992	08.09.2003
Португалия	09.06.1992	02.11.2006
Молдова Республикасы	04.01.1994 а	
Ресей Федерациясы	18.03.1992	01.02.1994 А
Румыния	22.05.2003 а	
Сербия	31.07.2009 а	
Словакия	09.09.2003 а	
Словения	13.05.2002 а	
Ұлыбритания	18.03.1992	05.08.2002
және Солтүстік Ирландия		
Америка Құрама Штаттары	18.03.1992	
Финляндия	18.03.1992	13.09.1999 А
Франция	18.03.1992	03.10.2003 АА
Өзбекстан	09.08.2007	(а) [12];

Байқағанымыздай, жоғарыда келтірілген конвенция да Орталық Азия мемлекеттерінен тек Қазақстанды және Өзбекстанды көрсек болады. Су ағымы Қырғызстан және Тәжікстан территорияларында қалыптасқандықтан, бұл конвенцияның қатысушысы болып табылмайды. Жоғарыда оның себептерін атап кеткен болатынмын. Бүгінгі күні Траншекаралық

өзендер мәселесін қарастыратын конвенцияны мақұлдаушылар қатарына қосылуға әлі де болады, қол қою үшін аталған конвенция ашық.

Траншекаралық өзендер мәселесін шешу үшін халықаралық тәжірибеден аларымыз мол, бастысы су дауын шешудегі бірінғай механизмді үйлестіру. Бірақ бұл оңай шаруа емес, уақытты талап ететін іс.

Әдебиеттер

- 1 Водно-энергетические ресурсы Центральной Азии: проблемы пользования и освоения // Отраслевой обзор // 24 апреля 2008 года // Евразийский банк развития // <http://www.eabr.org>;
- 2 Международное право водных ресурсов // <http://kk.docdat.com/docs/index-368734.html>;
- 3 Хельсинские правила использования вод международных рек от 20 августа 1966 года // <http://docs.cntd.ru/document/1900698>;
- 4 Принципы конвенции ООН о праве несудоходных видов использования международных водотоков 1997 г // <http://www.eurazialaw.ru/index.php?Itemid=196&catid=109:2010-06-17-09-48-32&id=834>;
- 5 Статус конвенции о праве несудоходных видов использования международных водотоков (Нью-Йорк, 21 мая 1997 года по состоянию на 15 мая 2009 года) // <http://zaki.ru/pagesnew.php?Id=59432>;
- 6 «Конвенция по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер» (вместе с определением термина «наилучшая имеющаяся технология», руководящими принципами для разработки наилучшей в экологическом отношении практики, «руководящими принципами разработки целевых показателей и критериев качества воды» и «арбитражем») (Заключена в г. Хельсинки 17.03.1992) // <http://zaki.ru/pagesnew.php?id=1191&page=1,2,3,4>.
- 7 Сонда
- 8 Сонда
- 9 Сонда
- 10 Поправка к Конвенции по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер // http://www.conventions.ru/view_base.php?id=206711
- 11 Статус конвенции об оценке воздействия на окружающую среду в трансграничном контексте (Эспо, 25 февраля 1991 года) (по состоянию на 15 мая 2009 года) // <http://go.mail.ru/search?q=%>;
- 12 Статус конвенции о трансграничном воздействии промышленных аварий (хельсинки, 17 марта 1992 года по состоянию на 21 мая 2010 года) // <http://www.zaki.ru/pagesnew.php?id=58629>.

References

- 1 Vodno-jenergeticheskie resursy Central'noj Azii: problemy pol'zovanija i osvoenija // Otrasevoj obzor // 24 aprelja 2008 goda // Evrazijskij bank razvitija // <http://www.eabr.org>;
- 2 Mezhdunarodnoe pravo vodnyh resursov // <http://kk.docdat.com/docs/index-368734.html>;
- 3 Hel'sinskie pravila ispol'zovanija vod mezhdunarodnyh rek ot 20 avgusta 1966 goda // <http://docs.cntd.ru/document/1900698>;
- 4 Principy konvencii OON o prave nesudohodnyh vidov ispol'zovanija mezhdunarodnyh vodotokov 1997 g // <http://www.eurazialaw.ru/index.php?Itemid=196&catid=109:2010-06-17-09-48-32&id=834>;
- 5 Status konvencii o prave nesudohodnyh vidov ispol'zovanija mezhdunarodnyh vodotokov (N'ju-Jork, 21 maja 1997 goda po sostojaniju na 15 maja 2009 goda) // <http://zaki.ru/pagesnew.php?Id=59432>;
- 6 «Konvencija po ohrane i ispol'zovaniju transgranichnyh vodotokov i mezhdunarodnyh ozer» (vmeste s opredeleniem termina «nailuchshaja imejushhajasja tehnologija», rukovodjashhimi principami dlja razrabotki nailuchshej v jekologicheskom otnoshenii praktiki, «rukovodjashhimi principami razrabotki celevyh pokazatelej i kriteriev kachestva vody» i «arbitrazhem») (Zakljuchena v g. Hel'sinki 17.03.1992) // <http://zaki.ru/pagesnew.php?id=1191&page=1,2,3,4>.
- 7 Sonda
- 8 Sonda
- 9 Sonda
- 10 Popravka k Konvencii po ohrane i ispol'zovaniju transgranichnyh vodotokov i mezhdunarodnyh ozer // http://www.conventions.ru/view_base.php?id=206711
- 11 Status konvencii ob ocenke vozdejstvija na okružhajushhiju sredu v transgranichnom kontekste (Jespo, 25 fevralja 1991 goda) (po sostojaniju na 15 maja 2009 goda) // <http://go.mail.ru/search?q=%>;
- 12 Status konvencii o transgranichnom vozdejstvii promyshlennyh avarij (hel'sinki, 17 marta 1992 goda po sostojaniju na 21 maja 2010 goda) // <http://www.zaki.ru/pagesnew.php?id=58629>.